



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 17 сәуір

Д. Ақышев - Инфляция ағымдағы жылдың алғашқы үш айында 1,8% болды, бұл өткен жылғы 1-тоқсандағы көрсеткіштерден айтарлықтай төмен

Инфляция ағымдағы жылдың алғашқы үш айында 1,8% болды, бұл өткен жылғы 1-тоқсандағы көрсеткіштерден айтарлықтай төмен. Жылдық инфляция алдыңғы жылдың соңындағы 7,1%-бен салыстырғанда наурызда 6,6%-ға дейін баяулады. Ол 2018 жылға арналған 5-7%-дық нысаналы дәлізге толық сәйкес келеді.

Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Үкімет отырысында баяндама жасаған кезде айтып өтті.

Ол инфляциялық күтулердің де төмендеуінің байқалып отырғанын атап өтті. Халық арасында жүргізілген пікіртерім нәтижелері бойынша бір жыл алға күтілетін инфляция бағасы наурызда 2017 жылғы қарашадағы 7,7%-дық жоғарғы мәннен 5,8%-ға дейін төмендеді.

«Инфляциялық процестердің төмендеуі және осы үрдістің орта мерзімді перспективада сақталуын бағалау ақша-кредит саясатын жұмсартудың негізгі талаптарының бірі болып табылады. Ағымдағы жылдың басынан бастап базалық мөлшерлеме үш рет 10,25%-дан 9,25% дейін төмендеді», - деді Д. Ақышев.

Ол ақша нарығындағы мөлшерлемелер базалық мөлшерлемеден кейін төмендеуде екеніне тоқталды. «Егер 2017 жылдың соңында қысқа мерзімді ноттар бойынша ең жоғары мөлшерлеме 9,43%-ды құраса, наурызда 8,78%-ды құрады. Базалық мөлшерлеме бойынша кешегі шешімнің қорытындысы бойынша біз нарықтық мөлшерлемелердің одан әрі төмендейтінін және олардың ұзақ мерзімді мөлшерлемелерге әсер етуін күтеміз», - деп түсіндірді Ұлттық Банк басшысы.

Д. Ақышев – 2018 жылғы бірінші тоқсанда валюта нарығындағы ахуал тұрақтылықты көрсетті

2018 жылғы бірінші тоқсанда валюта нарығындағы ахуал тұрақты болды. Ұлттық валютаның бағамын айқындайтын іргелі факторлар оңтайлы қалыптасты. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Үкімет отырысында баяндама жасаған кезде айтып өтті.

Ол қаңтар-наурызда теңге жылдың басынан бері бір АҚШ доллары үшін 318,31 теңгеге дейін 4,2%-ға нығайып, бір АҚШ доллары үшін 318,31-333,29 теңге аралығында өзгергенін атап өтті.

«Сәуірдің басында Ресейдегі қор нарықтарының құлдырауы нәтижесінде Ресей рублінің әлсіреуі аясында теңге бағамы құбылды. Бұл ретте жақсы макроэкономикалық көрсеткіштерді ескере отырып, қазіргі кезде валюта нарығындағы ахуал тұрақтанды. Жалпы алғанда Ресейдегі оқиғаларға әсер қысқа мерзімді, қалыпты деп бағаланады», - деді Д. Ақышев.

Д. Ақышев - Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері жыл басынан бері 1,1%-ға, наурыздың соңында 31,1 млрд. АҚШ долларына дейін өсті

Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері алдын ала деректер бойынша наурыздың соңында 31,1 млрд. АҚШ долларын құрады. Жыл басынан бері өсу 1,1% болды. Бұл жөнінде бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Үкіметтің отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

«Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері наурыздың соңында 59,3 млрд АҚШ доллары болып бағаланды. Жалпы халықаралық резервтер жыл басынан бастап 1,5%-ға немесе 1,3 млрд АҚШ долларына ұлғайып, 90,4 млрд АҚШ доллары болды», - деді Д. Ақышев.

Ол ағымдағы жылғы екі айда ақша массасы 3,9%-ға қысқарғанын қоса айтты. Оның құрылымындағы депозиттер көлемі 16,9 трлн теңгеге дейін 3,5%-ға азайды. Шетел валютасындағы салымдар 8,6%-ға қысқарды, теңгемен салымдар 1,1%-ға өсті. Нәтижесінде шетел валютасындағы салымдардың үлесі 45,2%-ға дейін төмендеді.

Д.Ақышев - Ағымдағы жылғы қаңтар-ақпан айларында жаңа кредиттерді беру 33,3%-ға немесе 2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 424 млрд теңгеге ұлғайды

Кредиттер көлемі 2018 жылғы ақпанның соңында 12,5 трлн теңгені құрады. Жылдың басынан бастап оның 1,2%-ға төмендеуі банктердің кредиттік портфельді қалыпқа келтіруі бойынша шараларын көрсетеді. Ол туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Үкімет отырысында баяндама жасаған кезде айтты.

Ағымдағы жылғы қаңтар-ақпан айларында жаңа кредиттерді беру 33,3%-ға немесе 2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 424 млрд теңгеге ұлғайып, 1,7 трлн теңге болғанын атап өтті.

«Банк секторында қазіргі уақытта 32 банк жұмыс істейді. Ақпанның соңындағы жиынтық активтер 23,6 трлн теңгені құрады. Сақтандыру секторында 32 сақтандыру ұйымы жұмыс істейді. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2018 жылғы 1 наурызда 935,8 млрд теңге болды», - деді Д. Ақышев.

Ұлттық Банк басшысы сөзін қорыта келе қаржы секторын «қайта жаңғырту» шегінде Ұлттық Банктің Мемлекет басшысы қойған міндеттерді шешу үшін жұмыс істеп жатқанын айтты.

«Қазіргі кезде Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасының үшінші бағыты – қадағалау өкілеттіктерін күшейту және тәуекелге бағдарланған тәсілді енгізу іске асырылуда. Біз заңнамаға тиісті түзетулерді Үкімет пен Парламентке жібердік», - деді Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz